



JOURNAL OF SOCIAL, HUMANITIES AND ADMINISTRATIVE SCIENCES

Open Access Refereed E-Journal & Refereed & Indexed
ISSN 2630-6417



Article Arrival Date: 25.02.2016

Published Date: 30.05.2016

Vol 2/ Issue 3 / pp: 13-20

Prospects For The Development Of Tourism In Kyzlorda Region

Қызылорда Облысында Туризмді Дамытудың Келешегі

A.Z.AYDAROVA

Lecturer, K.Zhubanov Aktobe Regional State University, Moldova

A.G.ABDULLINA

Researche Assistant, K.Zhubanov Aktobe Regional State University, akshunus_a@mail.ru, Moldova

АННОТАЦИЯ

«Қазақстан-2030» стратегиялық жоспарында бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлгені белгілі. Осы салалар қатарынан туризм инфрақұрылымын жасау ерекше орын алады. Туризм саласын дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешуге болатындығы, яғни экономикалық өрлеуде еліміздің дамуы үшін туризмнің қаншалықты маңызды сала екені аталған болатын.

Қызылорда облысы Республикамыздың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Әдебиеттерде Республикамыздың оңтүстік батысындағы ұлан ғайыр жерді «Сыр өңірі» деп атайды. 1938 жылы 15 қаңтарда құрылды. Облыс территориясы өте үлкен ауданды алып жатыр. Әсіресе, ол оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай, Сырдария өзенінің ағысын қуалай ұзыннан ұзақ 578 шақырымға созылып жатыр. Территориясының көлемі жөнінен Республикада Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облысынан кейін төртінші орынды алады.

Ключевые слова: Даму, туризм.

ABSTRACT

It is well-known that the strategic plan "Kazakhstan-2030" focuses on promising areas of competitiveness in terms of competitive ability. A particular place is occupied by the development of tourism infrastructure in these sectors. Through the development of the tourism industry, we emphasized not only the structural issues of the economy, but also the issues of employment and poverty, which is why tourism is the most important branch for the country's economic growth.

Kyzylorda region is located in the south-western part of the Republic. In the literature there is a great place in the south-west of the Republic called the Syrland. It was created on January 15, 1938. The area of the region is very large. Particularly it stretches from the south-east to the north-west of the Syr Darya River length of 578 km long. It is the fourth largest country in the country after Karaganda, Aktobe, East Kazakhstan region.

Key words: Development, Tourism.

«Қазақстан-2030» стратегиялық жоспарында бәсекелестік қабілеті тұрғысынан келешегі бар еңбекті қажет ететін салаларға көңіл бөлгені белгілі. Осы салалар қатарынан туризм инфрақұрылымын жасау ерекше орын алады. Туризм саласын дамыту арқылы біз экономиканың құрылымдық мәселелерін ғана емес, жұмыспен қамту және кедейлік мәселелерін де шешуге болатындығы, яғни экономикалық өрлеуде еліміздің дамуы үшін туризмнің қаншалықты маңызды сала екені аталған болатын.

Қызылорда облысы Республикамыздың оңтүстік-батыс бөлігінде орналасқан. Әдебиеттерде Республикамыздың оңтүстік батысындағы ұлан ғайыр жерді «Сыр өңірі» деп атайды. 1938 жылы 15 қаңтарда құрылды. Облыс территориясы өте үлкен ауданды алып жатыр. Әсіресе, ол оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай, Сырдария өзенінің ағысын қуалай ұзыннан ұзақ 578 шақырымға созылып жатыр. Территориясының көлемі жөнінен Республикада Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облысынан кейін төртінші орынды алады.

Қызылорда облысы ежелден келе жатқан, Сыр өңірін мекендеген халықтың қоныстанған орны. Тарихына ой жүгіртсек өзіне тән қызықты кезеңдері бар. Еуропа мен Азия елдерін байланыстыратын сауда – керуен жолдары ықылым замандардан – ақ қазақ жерінің үстінен

өткені анық. Сол уақыттарда бұл облыс территориясынан «Ұлы Жібек» жолының бір тармағы өтті.

Ұлы Жібек жолының Қызылорда бөлігі тарихи ескерткіштердің, археологиялық, сәулет, қала құрылысы, қала тұрғызудың және монументальды өнердің керемет кешені болып табылады.

Ол, тек сауда орталықтарығана емес, сонымен бірге ғылым мен мәдениет орталығы болған Жент, Жанкент, Шірік-Рабат, Сығанақ сияқты ежелгі қалаларымен белгілі.

Қызылорда қаласы 1925-1929 жылдар аралығында Қазақстанның астанасы болған.

Облыс территориясында әлемге әйгілі «Байқоңыр» космодромы орналасқан, сонымен бірге «Батыс Европа-Батыс Қытай» көлік дәлізінің 800 шақырымдайы Қызылорда облысы аймағы үстінен өтеді.

Бүгінгі таңда Қазақстанның және шет ел туристерінің демалуына жағдай жасауды ұйымдастыру, республиканың туристік потенциалын көтеру өзекті мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында Қазақстан Республикасында бес туристік кластер құру мүмкіндігі қарастырылған. Солардың бірі Оңтүстік Қазақстан кластеріне Қызылорда облысының орталық және шығыс бөліктері енеді. Оған ұсынылған туристік қызығушылығы бар орындарға Қызылорда облысы бойынша мыналар енгізілген: «Байқоңыр» ғарыш айлағы және Қызылорда қаласы. Сонымен қатар бұл кластерге облыстың қалған Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы, сондай-ақ «Жібек жолы» сериялық трансұлттық номинациясына енгізілген объектілер (облыс бойынша Сығанақ қалашығы) секілді жаңа туристік қызығушылық орындарын ұсынылуы мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда Қызылорда облысында туризм саласын дамыту туралы мәселелер Қазақстанның өзекті проблемаларының бірі ретінде қарастырылады.

Тұтастай алғанда, ұлттық ғарыштық бағдарлама шеңберінде Қазақстанның ғарыш тың қызметін белсендіруіне қарай, «Байқоңыр» ғарыш алаңын екі жақты мүддеде пайдалану саласындағы екі достастық мемлекеттің өзара қарым-қатынасы да кеңейіп келеді.

"Байқоңыр" ғарыш айлағы "ЭКСПО-2017" Халықаралық көрмесінде көрсетілетін нысандардың бірі болып табылады. Аталған өңірде барлық инфрақұрылым қайта жаңартылады, жаңадан нысандар пайдалануға беріледі. Жер кіндігі - Байқоңырдың әлемдегі теңдессіз ғарыш айлағы, оның алдағы мүмкіндіктерінің орасан зор екенін біз нақты іс жүзінде дәлелдеуге тиіспіз.

Байқоңыр өңірінде экологиялық туризмді дамыту мәселелері, осыған сәйкес инфрақұрылымдар өрісін кеңейту бұған дейін де келелі мәселелердің қатарында көтеріліп келеді. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында инфрақұрылымдар, әсіресе көлік және байланысқа қатысты транзиттік әлеуетімізді дамыту қажеттілігін міндеттеген еді. Осы айтылғандарға сәйкес үкіметте ғарыш айлағында мемлекет-жеке меншік әріптестіктің ықпалымен туризмді дамыту мақсатында Байқоңыр ғарыш айлағының инфрақұрылымы жаңғырту және еркін экономикалық аймақ дәрежесі беріліп, көліктік логистикалық орталық ұйымдастыру үшін халықаралық консорциум құру мәселесі де көтерілген болатын [1].

Байқоңыр ғарыш айлағын сақтап қалу үшін елбасы қыруар еңбек сіңірді. Қазіргі уақытта Байқоңыр қаласы маңынан өтетін "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" магистральды көлік дәлізі өтуде. Халықаралық қатынас жолының туризм индустриясын дамытуға мүмкіндіктері мол. Келешекте Байқоңыр ғарыш айлағы халықаралық туризм орталығына айналады.

Байқоңыр адамзат баласына ғарышқа алғаш жол ашқан әлемдегі теңдесі жоқ ғарыш айлағы екені баршаға аян. Оны көзімен көруге ынталылар жетерлік. Айлақтың теңдессіз әлеуетін пайдаланып, оған келушілерді қызықтыру үшін барлық мүмкіндіктерді жасауымыз қажет.

Қорқыт ата мемориалдық кешені – Түркі дүниесіне ортақ ұлы абыз Қорқыт атаға арналып салынған. Сәулет өнерінің айрықша үлгісі. Қызылорда облысы Қармақшы ауданы, Жосалы кентінен 18 км жерде, Қорқыт станциясының түбінде орналасқан. Кешен құрылысы 1977 жылы басталып, 1980 жылы аяқталған. Авторлары – Б.Ә. Ыбыраев, С.И. Исатаев.

Қорқыт ата ескерткіші темір бетоннан жасалған биіктігі 8 метр, 4 тік стеладан тұрады. Әрбір стела әр тарапқа қаратып тұрғызылған құлпытастарға ұқсайды. Жоғары жағы кеңейе келіп, шөміш пішінінде түйісетін стелалар қобыз бейнесін де меңзейді. Түйісер түбіндегі орталық тесігінде 40 металл түтік бар. Олар жел соққан кезде қобыз сарынымен үндес дыбыс шығарады. Аңыздарда айтылғандай, Қорқыт ата мазарында соққан желге үн қосатын қобыз қойылған. Қорқыт ата ескерткішінің ішкі жағы мәңгілік өмір сырын іздеген Қорқыт атаның киелі желмаясының шартарапқа жол тартқан ізін ишаралайтын “Түйе табан” өрнегімен безендірілген. Әрбір стеланың үшкілдене біткен төбесі күмбезге ұқсатылып, ерекше сәулеткерлік композиция шешім тапқан. 1997 жылы ескерткішті қалпына келтіру, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Амфитеатр, қонақ үйі, т.б. нысандардан тұратын тұтас архитектуралық ансамбль жасалып, *мемориалдық кешенге* айналды. 2000 жылы кешен жанынан мұражай ашылды. Оның қорында 700-ге жуық экспонат сақталуда. Мұражай экспозициясында Қорқыт өмір сүрген дәуірдің тарихы мен мәдениеті жайлы мәліметтер беретін материалдар қамтылған. Бұл ескерткіш кешен күллі түркі халықтарына ортақ қасиетті зиярат орындарының бірі болып саналады [2].

Қорқыт ата – түркі халықтарына ортақ ұлы ойшыл, жырау, қобызшы. Қорқыт ата өмірде ізі, артында әдеби-музыка мұрасы қалған тарихи тұлға ретінде белгілі. Қорқыт атаның өмір сүрген кезеңі туралы ғылымда әр түрлі болжамдар қалыптасқан. Алайда зерттеулердің көпшілігі Қорқыт ата Сырдария бойында өмір сүрген оғыз-қыпшақ тайпалық бірлестігінде 10 ғасырдың басында дүниеге келген деген тұжырымға саяды. Рашид әд-Дин “Жамиғ Ат-Тауарих” атты тарихи шежіресінде Қорқыт атаны қайы тайпасынан шыққан десе, Әбілғазының “Түрік шежіресінде” оның тегі баят екендігі, оғыздардың елбегі болып, 95 жасқа келіп қайтыс болғандығы айтылады. Сыр жағасына жақын жерде Қорқыт атаның зираты болғанын Ә. Диваев, т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап өтеді. Ә. Қоңыратбаевтың зерттеулерінде Қорқыт ата 11 ғасырдың басында дүниеден өткен делінсе, Ә. Марғұланның еңбектерінде ол 7 – 8 ғасыр аралығында өмір сүрді деген пікір айтылады. Қазақ философиясы тарихында Қорқыт ата – ел бірлігін нығайтқан кемеңгер қайраткер, түркі дүниетанымының негізін жасаған ғұлама ойшыл, әлемдік ақыл-ой мәдениетінде өзіндік орны бар философ-гуманист ретінде көрінеді.

Ұлы Жібек жолының Қызылорда облысын бөлігі территориясы табиғи туристік-рекреациялық ресурстармен қатар (Арал теңізі, Қамбаш көлі, жазықтар мен ойпаттар, қорықтар, қорғалымдар және т.б.) тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай өлке деп тұжырымдауымызға болады. Өйткені облыс территориясында бүгінде Қызылорда облыстық тарихи ескерткіштерді қорғау мемлекеттік мекемесінің мәліметі бойынша Сырдария ауданында республикалық маңызы бар ескерткіштер саны 2, жергілікті маңызы бар ескерткіштер саны 20, алдын ала есепке алынған ескерткіштер саны 39 болып тұр. Сонда ауданда барлығы 61 ескерткіш тіркеулі [3]. Мәдени мұра бағдарламасы бойынша мемлекеттік маңызы бар ескерткіштер саны – 6. “Байқоңыр” ғарыш айлағы “ЭКСПО-2017” Халықаралық көрмесінде көрсетілетін нысандардың бірі болып табылады.

Қызылорда облысындағы туристік сфераның қазіргі жағдайы.

Қызылорда облысы – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан. 1938 жылдың 15 қаңтар күні құрылған. Орталығы - Қызылорда қаласы. Территориясының жалпы ауданы– 226,0 мың шаршы шақырым (Қазақстан жерінің 8,3%-ы).

Тұрғыны - 734,300 адам. Қазақтардың үлесі 95,6 пайызды, орыстар – 2,2 пайызды және басқалары 2,2 пайызды құрады. Облыста 70-тен астам ұлт өкілдері тұрады. Облыс бойынша орташа тығыздық 3,22 адамды құрайды. Облыста 7 аудан және 1 қала (облыстық маңызы бар), аудандық деңгейде - 2 қала, 145 – ауылдық және кенттік округ, 265 - елді мекен бар [4].

Қызылорда облысының туристік қызметі туралы

2013 жылғы қаңтар-қыркүйегінде облыс бойынша қызмет көрсетілген келушілердің саны 2012 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 26,2% артты және 28019 адамды құрады.

Туристік салада көрсетілген қызметтердің жалпы көлемі 598 796 мың теңгені құрады. Оның ішінде туристік фирмалармен 22 473 мың, ал келушілерді орналастырумен шұғылданатын орналастыру орындары бойынша 576 323 мың теңгені құрады. Есепті кезеңде келушілерге туристік қызмет көрсетумен айналысатын 11 туристік фирмалармен жүзеге асырылған, олармен 446 адамға қызмет көрсетілген. Көрсетілген қызметтерінің көлемі есепті кезеңде 22 473 мың теңгені құрады. Облысымызда келушілерді орналастырумен шұғылданатын барлығы 58 (14 заңды және 44 жеке тұлғалар бойынша) орналастыру орындары бар. Олармен 27 573 адамға қызмет ұсынылған. Есепті кезеңде былтырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда орналастыру орындары қызмет ұсынған адам санының 21,7% - ға өсуі қызмет көлемінің де 30,8% - ға ұлғаюына әсер еткен. Туристер көбінесе іскерлік мақсаттармен 92,7% (туристердің жалпы санынан) саяхаттаған.

Қоғамдағы басқа салалар сияқты туризм саласы да мемлекет тарапынан қолдауға ие болып отырады. Солардың бірі облыс бойынша атқарылған жұмыстар болып табылады. 2013 жылдың І-ші жартыжылдығында осы сала бойынша мынадай шаралар жүзеге асырылған.

2012 жылы облыс бойынша туристік қызметті жүзеге асыратын және құруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсынатын субъектілердің барлық саны 54-ке тең болды (2011 жылы - 57). Оның ішінде туристік қызметті жүзеге асыратын субъектілер саны 10 болса (7 туристік фирма және 3 дара кәсіпкер), тұруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсыну бойынша 44-ке (кәсіпорындар саны – 13, дара кәсіпкерлер – 31) ал 2011 жылғы көрсеткіш бойынша туристік қызметті жүзеге асыратын субъектілер саны 11 болып 10 % өссе (8 туристік фирма және 3 дара кәсіпкер), тұруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтерді ұсыну бойынша 46 (кәсіпорындар саны – 15, дара кәсіпкерлер – 31) 4,4 % азайған. Облыс бойынша 2011 жылы барлығы 31 577 адамға қызмет көрсетілсе, 2012 жылы ол 32 503 адамға тең болды, яғни 2,9 %-ға өскен.

2011 жылы келу туризмі 1592 адамды құраса, 2012 жылы 1450 адамды құрап, 8,9 %-ға төмендеген. 2011 жылы шығу туризмі 630 адамды құраса, 2012 жылы 573 адамды құрап, 9 % - ға төмендеген. 2011 жылы ішкі туризм 29 355 адамды құраса, 2012 жылы 30 480 адамды құрап, 3,6 %-ға өскен.

2011 жылғы орындалған жұмыстар мен қызметтердің жалпы көлемі 845 074,5 мың теңгені құраса, 2012 жылы 702 650,4 мың теңгені құрап, 16,9 %-ға төмендеген. Орналастыру көрсеткен қызметінің көлемі 2011 жылы 530 634,9 мың теңгені құраса, 2012 жылы 616 386,5 мың теңгені құрап, 14 % - ға көтерілген. Туристік қызмет көрсету көлемі 2011 жылы 103 391,0 мың теңгені құраса, 2012 жылы 86 264,0 мың теңгені құрап, 17% -ға төмендеген. 2012 жылы тұруды ұйымдастыру қызметтерін ұсынатын кәсіпорындардың орналастыру орындарының толтырымдылығы (заңды тұлғалар бойынша) – 18,3 % (2011 жылы 18,5 %), дара кәсіпкерлер бойынша – 18,5% (2011 жылы 20,3%) болып төмендеген. Бұл орналастыру орындары санының

2011 жылы 29 болып, 2012 жылы 36 көбейіп, ұсынылған тәулік – төсектің 2011 жылы 41 285 болып, 2012 жылы 39 300 ге азайғаны көрініп отыр [5].

2012 жылдың 1-2 наурыз аралығында «Тұлпар» бизнес орталығында «Байқоңыр» І инвестициялық форумы өткізілді. Форум аясында Қызылорда облысының туристік мүмкіндіктерін айқындайтын шебер-жоспарының тұсаукесері өткізілді. Сонымен қатар, туризм саласына байланысты секция жұмысы өткізіліп, онда «Саутс Ойл» компаниясы жүзеге асырғалы отырған Қамбаш көлінің жағасындағы құны 450 млн. тенге болатын

пансионат-профилакторий, «Қамыстыбас» демалыс аймағының дамытудың маңыздылығы, «Байқоңыр ғарыш айлағы» кешені және «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде субсидиялау, кепілдендіру және оқыту және тағы басқа бағыттары бойынша түсініктемелер берілді.

Сәуір айында Алматы қаласында өткен КИТФ 2013 халықаралық туристік жәрмеңкесіне келушілерге арналған ақпараттық-жарнамалық материалдар әзірленді. «Батыс Еуропа –Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында инвестор тарту жұмыстарына сәйкес, «Ақмұнай» ЖШС-і Қазалы және Сырдария аудандарында жол маңы сервистік орталықтарын салуға жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында 24-26 сәуір аралығында Қазақстанда және Орталық Азия елдерінің «Туризм және саяхат» атты 13-ші халықаралық Қазақстандық туристік (КИТФ-2013) көрмесі өтті. Көрме жұмысына облыстық туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы өкілдерімен бірге «Саяхат», «Акме-Қызылорда», «Тур салон», «Ника Тур» туристік фирмалары қатысып, шет ел және Қазақстандық қонақ үй, емделу-тынығу орындары, балалар тынығу лагерлерімен келісім шартқа отырды.

Бүгінгі күні облыстың туризм инфрақұрылымы 11 қонақ үй, 2 сауықтандыру орны, 8 балалар сауықтандыру лагері, 21 орналастырумен айналысатын жеке кәсіпкерлер, 8 мұражай, 543 тарихи архитектуралық ескерткіштер мен табиғи ресурстармен қамтылған.

Бұл аймақты сипаттайтын негізгі туристік объектілер қатарына Байқоңыр кешені, Байқоңыр кешені, Қамбаш көлі, Жанкент қалашығы, Жент қалашығы, Сауран қалашығы, Сарман Қожа мұнарасы, Қорқыт ата мемориалдық кешенін жатқызуға болады.

Қазіргі таңда облыс территориясында төмендегі объектілер Қазақстан Республикасы бойынша инвестициялық жобалар тізіміне енгізіліп отыр [6]:

3-кесте

№	Жобаның атауы, орналасқан жері	Жобаны мәлімдеушінің адресі	Жобаға сипаттама	Қажетті қаржы ресурсы
1	Қорқыт ата ауылында туризмді дамыту (Қармақшы ауданы, Қорқыт ата ауылы)	Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі Астана қаласы, Абай даңғ.,33А	Туристік ауданның бағыттары: білім беру- танымдық туризм, экотуризм, Қорқыт ата аквапарк. Территорины түрлі салтанатты шараларды, фестивальдарды және басқа да мәдени бағдарламаларды өткізуге бағыттап жасақтау жоспарланған.	194, 3 млн. АҚШ доллары

2.	Байқоңыр қаласында туризмді дамыту (Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы маңы)	Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі Астана қаласы, Абай даңғ.,33А	Ғарыштық туризм орталығын жасауы: Space World ауданы, «Жібек жолы» селосы, ғарыш саласы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу ауданы. Ұлы Жібек жолы елдерінің дәстүрі мен мәдениетін символын көрсететін объектілерді, ғарыштық туристік орталық және ғарыштық ғылым зерттеу орталығын жасау жоспарлануда.	328, 5 млн. АҚШ доллары
3.	Қамбаш көлінде туризмді дамыту (Қызылорда облысы, Қамбаш көлі маңайы)	Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі Астана қаласы, Абай даңғ.,33А	Аймақ тұрғындары үшін демалыс курортты зонасын жасау; ішкі туризмге сұранысты ұлғайту; сонымен қатар аймақтағы қонақ үй бизнесін жетілдіру. Жоспарланған объект Қамбаш көлінің жағалауында, жалпы көлемі 95 га. Демалыс зонасы территориясында люкс-қонақ үйлер, ағаш үй қалашығы, кемпинг, шағын мерамхана, бары бар теңіз клубы сияқты судағы демалыс объектілері салынады.	76, 7 млн. АҚШ доллары

«Ғарыш айлағы» мега кешені, «Қамыстыбас демалу аумағы» (Қамбаш), «Қорқыт Ата» инфестициялық жобаларын «Бизнестің жол картасы – 2020» және өңірлік индустрияландыру Картасына енгізу бойынша мәселелер қаралуда, сонымен бірге «Батыс Европа – Батыс Қытай» транспорттық дәліз бойымен кететін Қорқыт Ата мемориалдық кешені маңайына туристік зиярат ету орталығы құрылысына арналған жер телімін бөлу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Корей «КОІСА» агенттігінің өкілдері және Корей мәдениет мен туризм институтымен бірігіп Қызылорда облысының туристік әлеуетіне зерттеу жүргізілді және өңірде туризмді дамыту бойынша шебер-жоспар жобасы әзірленді.

Арал ауданында «Қамыстыбас» (Қамбаш) демалу аймағының құрылысына 494 га жер бөлінген және құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Елбасының тапсырмасымен әлемдегі ең ірі ғарыш айлағы саналатын Байқоңыр «ЭКСПО-2017» бүкіләлемдік көрмесінде көрсетілетін ысандардың қатарына кіргені белгілі.

«Байқоңыр» кешені туризм сферасында ерекше және маңызды орын алады. Кешенді пайдалану үшін «Даймонд Транс» ЖШС Байқоңыр қаласында «Ғарыштық айлақ» магакешені құрылысының инвестициялық жобасын даярлады. Жоба құны 4394,6 млн.теңге. Жүзе асыру мерзімі: 2013-2020ж.ж.

Туризм саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

- ✓ туристік индустрияны дамытуға бағытталған инвестициялық жобаларды жылжыту;
- ✓ «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде келесі жобаларға

инженерлік коммуникация тарту:

- ✓ Арал ауданының «Қамыстыбас» демалыс орны;
- ✓ Байқоңыр қаласындағы «Ғарыш айлағы»;
- ✓ «Қорқыт Ата» зиярат ету орталығы;
- ✓ Жаңақорған ауданының минералды сулары, емдік батпақтары негізінде емдеу-сауықтыру туризмін ұйымдастыру;
- ✓ Сырдария өзені жағалауында Қызылорда қаласында қазіргі заманғы технологиямен жабдықталған жағажай құрылысы;
- ✓ Қызылорда қаласында ойын-сауық кешенінің құрылысы;
- ✓ туркластық қонақ үй кешендерінің дамуына жағдай жасау, 2*, 3* және 5* және қонақ үйлер салу;
- ✓ Туристік және мейрамхана бизнесі өкілдеріне оқыту семинарларын, дөңгелек столдар, экскурсовод гидтарға семинар-тренингтер ұйымдастыру және өткізу, қолданбалы өнер шеберлеріне арналып көрмелер өткізу және олардың аймақтық және халықаралық туристік көрмелерге және жәрмеңкелерге қатысуын ұйымдастыру;
- ✓ Аймақаралық, республикалық және халықаралық семинарларда облыс өкілдерінің қатысуы;
- ✓ туризм бойынша спорттық-мәдени шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- ✓ туризм, дене шынықтыру және спортты жан-жақты насихаттау;
- ✓ бұқаралық спортты дамытуға әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру [7].

«Қамыстыбас» демалыс аймағын құру жобасы облыстағы туристік индустрияны дамытудың басты көздерінің бірі. Қамбаш көлі бірнеше іріктеуден кейін еліміздегі туризмді дамыту картасына енді. Болашақта бұл аймақта әлем талаптарына сай келушілерге арнап демалатын жерлер мен суға түсетін орындар, тұрмыстық және сервистік қызмет көрсету орындары ашылады.

Бұл демалыс аймағын құрудағы негізгі мақсаты ол Қамбаш көлі облыстағы жазғы маусымдағы демалыс күндерін өткізуге ең қолайлы орын болып саналады. Сондықтан да болар, қазірдің өзінде бұл жерге көрші облыстардан келіп-кетіп жүрген туристер жетерлік. Сонымен қатар, демалыс аймағының ең басты артықшылығы, ол "Батыс Еуропа-Батыс Қытай" халықаралық автокөлік дәлізіне жақын орналасқан. Жалпы демалыс аймағын құру жобасы бұдан 2-3 жыл бұрын бастау алды. Ол алдағы он жылдай уақыт ішінде кезең-кезеңмен салынып, толықтай аяқталатын болады.

Қамбаш көлінің ажары оған қарқынды жүргізіліп жатқан пансионат құрылысының әсерінен айрықшалана түседі. 100 орынға есептелген нысан маусым айында іске қосылмақшы. Құрылысты Серікжан Сейітжанов басшылық жасайтын «Саутс-Ойл» ЖШС жүргізуде.

Пансионат-профилакторий жобасының жалпы құны 450 млн. теңгені құрайды. Нысан жатын, емдеу-профилактикалық корпус, асхана, баскетбол, теннис, шағын футбол алаңы, көлік тұрағы, тағы басқа да бөліктерден тұрады. Оған қоса, балшықпен, электр сәулесімен, сумен емдеу, жүзу бассейні, ресторан, конференц залы, тынығу бөлмелері, басқа да қызмет түрлері көрсетіледі. Емдеу профилакторийі бір-екі адамдық жай, люкс нөмерлерден жасақталған. Мұнда талапқа сай жұмыс жасалатын болады. Тынығу орнының сыртқы келбеті, ішкі көркі заманауи сәулетпен ерекшеленген [8].

Пайдаланылған Әдебиеттер Тізімі

1. Талпакова Ж.Е. Байқоңыр – ғарыштық жібек жолы. // Ғылым және білім - 2014» атты ІХ Халықаралық ғылыми конференциясы материалдары. Астана 2014, 11сәуір.
2. Сыдықова Ж. Қорқыт баба кешенінің келешегі //Сыр бойы.- 2013. - 2 наурыз. - 1 б.
3. Аралбайұлы М. Сыр бойының тарихы-мәдени ескерткіштері (Қызылорда облысы Сырдария бойынша) "e-history.kz" электрондық журналы.
4. Қызылорда Облысының Статистика Департаментінің сайты мәліметі <http://kyzylorda-stat.kz>
5. Туризм. Қызылорда облысындағы 2013 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі туристік қызметі туралы. Қызылорда облысы әкімдігінің ресми интернет-ресурсы: <http://e-kyzylorda.gov.kz>
6. Перечень инвестиционных проектов в области туризма. Туризм бойынша ақпараттық орталық сайты. <http://www.almaty-info.net/214>
7. Қызылорда облысының 2011-2015 жылдарға арналған даму бағдарламасы.
8. Табынбаев Ж. Қаз қонған Қамбаш көлі. // «Сыр бойы» газеті 20.05.2014 №83.